



SOROS.KZ



OPEN BUDGET FELLOWSHIP 2018

ЗЕРТТЕУ

ҚР діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу аясында Ақтөбе облысы бойынша профилактикалық жұмыстарға бөлінетін қаржының тиімділігі.

М. КАМАЛОВ

Бұл мақала Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен
"Zertteu Research Institute" ҚҚ жүзеге асырған Open
Budget Fellowship жобасының аясында жарияланды.
Жарияланым мазмұны авторлардың жеке көзқарасын
білдіреді, сәйкесінше Сорос-Қазақстан қорының көзқара-
сымен сәйкес келмеуі мүмкін.

МАЗМҰНЫ

Түсінік хат	3
Кіріспе	3
Ағымдағы ахуал	4
Ақтөбе облыстық Дін істері жөніндегі басқарма бюджеті	7
«АҢСАР» АТО бюджеті	8
Ақтөбе облысы аумағында профилактикалық шаралардың негізділігі мен тиімділігі	10
Қорытынды, ұсыныстар	12
Сұраныстар мен жауаптар	14

ТҮСІНІК ХАТ

Аталмыш аналитикалық жазба ҚР діни экстремизммен күрес аясында Ақтөбе облысында атқарылып жатырған профилактикалық шаралар негізінде жасақталды. Аналитикалық жазбада 2013-2017 ж.ж. және 2018-2022 ж.ж. арналған діни экстремизммен мен терроризммен күрес бағдарламасындағы мәліметтер, сонымен қатар Ақтөбе облысы бойынша профилактикалық шараларға бөлінетін қаржы көлемдері пайдаланалды.

Бұл аналитикалық жазбаның мақсаты: діни экстремизм мен терроризммен күрес аясында Ақтөбе облысында атқарылып жатырған профилактикалық іс-шараларға жұмсалатын қаржының тиімділігін анықтау болып табылады.

Аналитикалық жазбаның міндеттері келесідей болды:

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын Ақтөбе облысы бойынша Дін істері басқармасының экстремизм мен терроризм аясында профилактикалық шаралар аясындағы бюджетін саралау;

Экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларының негізділігін анықтау;

Профилактикалық шаралардың тиімділік механизмдерін саралау;

Қосымша түсініктер:

Аналитикалық жазба негізінен профилактикалық жұмыстардың қаржылық негізделуін қарастырады; Профилактикалық іс-шаралар жиынының сапасын бағаламайды;

Аналитикалық жазба, өңірде мемлекеттің дін қатынастары саясатын жүзеге асыратын Ақтөбе облысы бойынша Дін істері басқармасының төңірегінде зерттеу жүргізеді.

КІРІСПЕ

Дүние жүзінде орын алып жатырған алуан түрлі геосаяси өзгерістер мемлекетіміз үшін үлкен қауіптердің тудыруы мүмкін.

Діни экстремизм мен терроризм сол қауіптердің негізгілерінің бірі боп қала берері сөзсіз. Соған орай аталмыш бағыттағы мемлекеттік жүйені терроризм мен діни экстремизмнің қаупінен қорғау шарасын жетілдіру бүгінгі күннің басты мәселесі болады.

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясындағы сын-қатерлер мен тәуекелдерді жою, сондай-ақ экстремистік және террористік көріністердің алдын алудың жалпымемлекеттік жүйесін жетілдіру бойынша ауқымды шараларды іске асыруда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты 2014 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық патриоттық идеясы ұсынылды.

Таяу болашақта Қазақстанның дамуын айқындайтын негізгі жүйелі құжат кәсіби мемлекеттік аппараты қалыптастыруға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге, еліміздің индустрияландырылуы мен экономикалық өсімі үшін жағдай жасауға бағытталған бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам – Ұлт жоспары болып табылады.

"Нұрлы жол" инфрақұрылымды дамыту, 2015 – 2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамыту мемлекеттік бағдарламалары, "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау және дамытудың

бірыңғай бағдарламасы әлеуметтік-экономикалық проблемаларды түбегейлі жоюға арналған. Халықтың діни сауаты және конфессияаралық қарым-қатынастың үйлесімділігі деңгейін арттыруға Дін саласындағы 2020 жылға дейінгі мемлекеттік саясат тұжырымдамасын іске асыру ықпал етеді. Халықтың діни сауатын арттыру және оны теріс және жат ағымдар жетегіне еріп кетпеуден сақтандыру мәселелері бүгінгі үкіметтің басты міндеттерінің бірі болып қала бермек. Ал оның аталмыш бағыт бойынша атқарып жатырған бағдарламалары тиісті нәтижелілікті талап ететіні сөзсіз. Өйткені, терроризм, бұрындары жат, бізге қатысы жоқ ұғым ретінде қарастырылғанымен, бүгінгі таңда оның елімізге де өз қаупін тигізіп жатқан тұстары анық байқалады.

Халықта экстремизм мен терроризм идеяларын қолданбайтын сананы қалыптастырудың кешенді шаралары қабылданғанымен, оның негізділігі қайта қарап өткен жөн сияқты. Мемлекеттік органдардың діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша, оның ішінде экстремистік және террористік көріністердің алдын алу, терроризм қатерлеріне ден қою, терроризм актілерінің салдарын барынша азайту және (немесе) жою кезіндегі өзара іс-қимыл жасау механизмдері жасалды және нормативтік құқықтық актілермен регламенттелді. Дегенмен де, 2016 жылдағы Ақтөбе мен Алматы қаласындағы оқиғалар құқықтық жағынан кейбір шикіліктер бар екенін көрсетті. Бұл жөнінде, «Сорос Қазақстан Қорының», «Құқық қорғаушылардың жаңа буыны 2016ж» жобасы шеңберінде, өз (М.Камалов) зерттеуімде көз жеткіздім. Ондағы зерттеу тақырыбым: «Террористік шабуыл кезіндегі адамдардың өмір сүру құқығының сақталуы» болатын. Осы зерттеу, аталмыш зерттеуге алғышарты немесе өзге бір тұсынан көрудің жалғасы ретінде қарастыруға болады.

Жоғары келтірілгендерді қорыта келе, елімізде терроризм мен діни экстремизмге қарсы профилактикалық шаралардың тиімділігі бүгінгі таңда қоғамдастықты алаңдатып, оны талқылау, зерттеу тақырыбы ретінде алып, жеке қарастыруға толық негіз бар деп есептейміз.

Халықаралық террористік ұйымдар радикалдық идеяларды тарата отырып, қоғамға қарсы көңіл-күйді, қазақстандық қоғамды конфессиялық белгісі бойынша жіктеуге, ұлттық және діни ауызбіршілікті "ажыратуға" ықпал етеді. Аталғандар 2016 жылы Ақтөбе және Алматы қалаларында орын алған қайғылы оқиғалармен расталады.

Радикалдық идеологияны тарату көздері күмәнді шетелдік теологиялық оқу орындарында оқыған және оқып жатқан Қазақстанның азаматтары болып қала беруде. Жастар арасында діни, оның ішінде бейресми негізде оқудың белең алуының азаймауын ескере отырып, жастарды отандық теологиялық немесе зайырлы оқу орындарында оқуға бағдарлау бойынша шараларды жетілдіру қажет.

АҒЫМДАҒЫ АХУАЛ

Аталмыш бағытта соңғы кездері қабылданған Үкіметтік бағдарламаларға тоқталып өтсек. Әуелі қабылданған 2013-2017ж.ж. арналған ҚР діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 – 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданып, соның негізінде 2018-2022 ж.ж. арналған Үкіметтік бағдарлама қабылданды. Бұл Бағдарламаны әзірлеуде Норвегияның, Финляндияның, Канаданың, Америка Құрама Штаттары мен Біріккен Араб Әмірліктерінің оң тәжірибесі зерделенді және назарға алынды. Бұл бағдарламада Діни экстремизм мен терроризм профилактикасына үкіметтік емес сектордың мүмкіндіктерін белсенді түрде тарту үшін жағдайлар жасалды. "Хедая" зорлық-зомбылық экстремизміне қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық орталықтың ұсынымдарына сүйене отырып, Бағдарламада нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштердің шынайы қол жеткізілетін коэффициенттері белгіленді. Ал 2013-2017ж.ж. арналған бағдарламамен салыстырғанда 2018-2022ж.ж. арналған бағдарлама біршама нақтыланған. Бағдарламаны іске асыру арқылы қоғамда дін саласындағы радикалдық көзқарастарды қабылдамауға, радикалдық пиғылды адамдар санын азайтуға және олардың пайда болуына ықпал ететін факторларды жоюға, терроризм қатерлерінің алдын алу және

халықты терроризмге қарсы қорғау деңгейін көтеруге қажетті және жеткілікті жағдай жасауға, оны қалыпта ұстауға және дамытуға бағытталатын болады. Қоғамның жекелеген өкілдері арасында радикалдық көзқарастардың қалыптасуына ықпал ететін сыртқы және ішкі факторларды бейтараптандыру Қазақстан Республикасының әлемнің анағұрлым дамыған отыз мемлекетінің қатарына қосылуы үшін жағдайды қамтамасыз етуі тиіс.

2005 жылғы 18 ақпандағы қабылданған "Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы", 1999 жылғы 13 шілдедегі "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарымен негізгі түсініктер аппараты және мемлекеттік органдардың құзыреті, сондай-ақ азаматтардың осы саладағы құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың негізгі қағидаттары айқындалды. Дегенмен де, бұл саладағы кейбір құқықтар мен бостандықтарды қорғау принципі не болмаса, жалпы көзқарасты, қайта қарауды талап етуі мүмкін.

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың жалпы мемлекеттік жүйесін дамытуға мүмкіндік берді.

Арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының діни экстремизмге және терроризмге қарсы күрестегі іс-қимылын үйлестіру үшін қажетті жағдайлар қамтамасыз етілді. Қуатты құрылымдардың әлеуеті үздіксіз ұлғаюда.

Халықты және аса маңызды объектілерді терроризмге қарсы қорғау жүйесінің негізгі элементтері қалыптастырылды.

Діни экстремизм мен терроризм алғышарттарын анықтау және жолын кесу үшін заңнамалық және ұйымдастырушылық базаны жетілдіру бойынша жұмыстар тұрақты жүргізілуде. Қару-жарақ айналымы және күзет қызметі, көші-қонды реттеу саласындағы заңнамалық нормалар жаңартылды. Террористік және экстремистік әрекеттер үшін қылмыстық жазалау шаралары қатаңдатылды.

Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту шеңберінде Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының терроризмге қарсы күрес жөніндегі 19 қарары мен басқа да құжаттарының 15-ін ратификациялады.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы алдағы екіжылдық кезеңге тұрақсыз мүше ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесіндегі жұмысына кірісті. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесіне мүше мемлекеттерге саяси үндеуін іске асыру шеңберінде Бейбітшілікке, терроризмнен бостандыққа қол жеткізу бойынша тәртіп кодексінің жобасы әзірленді.

Кодекс Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында Жаһандық терроризмге қарсы коалицияны (желіні) құруға негіз болады.

Қазақстан Республикасының 1267 және 1988 санкциялық комитеттерге төрағалық етуі Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттердің "ДАИШ", "Әл-Каида" және "Талибан" террористік ұйымдарына қарсы іс-қимыл бойынша күш-жігерін нығайтуға себепші болады. Өңірлік қауіпсіздік арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Терроризмге қарсы орталығымен, Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымымен, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымымен және Біріккен Ұлттар Ұйымы Есірткі және қылмыс басқармасының, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы мен Қазақстан Республикасындағы Еуропалық Одақ өкілдіктерімен белсенді өзара іс-қимылымен қамтамасыз етілген.

Дегенмен, азаматтардың экстремистік сипаттағы зорлық-зомбылық акциялары мен терроризмге әкелетін радикалдану проблемасы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне шын мәнінде қауіп төндіруде.

Радикализм мен терроризм идеяларын қарқынды насихаттау арқылы қазақстандық қоғам санасында конфессияаралық өшпенділік пен алауыздықты ушықтыруға алып келетін, зорлық-зомбылық экстремистік және террористік акцияларды бастауға қабілетті идеялар мақсатты түрде қалыптастырылуда. Интернетте орналастырылатын террористік ұйымдардың ақпараттық-насихат материалдарының техникалық, көркемдік және психологиялық мазмұны сапасының артқаны байқалады. Әлеуметтік желілерді пайдалану халықаралық террористік ұйымдардың эмиссарларына өз аудиториясын айтарлықтай кеңейтуге, жүргізілетін үгіт-насихатты жүйелі негізге ауыстыруға мүмкіндік береді. Интернеттің және әлеуметтік желілердің пайдаланушыларын терроризмді насихаттау әсерінен оқшаулау мақсатында ақпараттық кеңістікке Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына қатысты мониторинг жүргізіледі.

Интернетте және әлеуметтік желілерде терроризм мен экстремизмді насихаттайтын 620 мыңнан астам материал бұғатталды. Жахандану процесінде бұл тұсты озық технологияарды қолдана отырып жіті қадағалау бүгінгі таңдағы мемлекеттік жауапты IT құрылымдарының негізгі міндеттерінің бірі боп қалмақ.

Жекелеген санаттағы отандастарымыздың санасына радикалдық идеялар мен экстремистік көзқарастарды енгізу олардың агрессияның шекті нысандарын көрсетуіне себеп болды, сондай-ақ патриоттық сезім мен ұлттық бірегейлік, мәдени-адамгершілік және отбасы құндылықтарынан айрылуына алғышарт жасады. Бұл процестердің бақылаусыз дамуы радикалдық идеяларды ұстанатын адамдар санының көбеюіне, қоғамда зорлық-зомбылықтың ушығуына алып келеді.

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру үшін 103 176,3 млн теңге қарастырыл-

Диаграмма 1. Діни экстремизм мен терроризммен күрес бағдарламасына бөлінген қаржы



Кестеден байқап көретін болсақ, қаржыландыру көлемі 2013-2017жж салыстырғанда 2.5 еседен астам өскен.

Ақтөбе облыстық Дін істері басқармасы

«Ақтөбе облысының дін істері басқармасы» ММ Ақтөбе облысы аумағында діни наным сенім бостандығы құқы мен діни бірлестіктермен өзара іс әрекеттесетін бағыттағы негізгі мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады. «Ақтөбе облысының дін істері басқармасы» ММ облыстық бюджет есебінен қаржыландырылады. Басқарма жанынан діни экстремизм мен терроризмнің алдын алумен айналысатын «Аңсар» ақпараттық талдау орталығы жұмыс жасайды. (Ақтөбе облыстық дін істері басқармасының 2018-2020 жж арналған бюджетіне түсініктеме хаты және де «АҢСАР» АТО КММ ның бюджеті қосымшада берілген.)

Кесте 1. Ақтөбе облыстық дін басқармасының 2018ж. арналған бюджеті

№	Атауы	Сомасы, млн тг
1	Бюджеттік өтінімнің жалпы көлемі	104,1
2	оның ішінде:	
3	Ақтөбе облысы бойынша дін басқармасының 269 001 000 «Жергілікті деңгейдегі діни қызмет аясында мемлекеттік саясатын жүзеге асыру қызметіне» 2018 ж. жалпы сомасы	59,8
4	155 специфика, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметін жүзеге асыру	30,3
5	оның ішінде, теологтарды шақыру	12,3
6	Рамазан мен құрбан айт шаралары	1,4
7	Рухани келісім күні	1,6
8	Ақпараттық түсіндіру тобын ұйымдастыру және төлем жасау	15,0
9	159 специфика, «өзге де қызметтер мен жұмыстардың ақысы»	2,5

Жоғарыдағы мәліметтерге сүйенетін болсақ, шамамен, Дін басқармасы бюджетінің жартысы әкімшілік шығындарға кетсе, қалған жартысы дін саласындағы мемлекеттік тапсырыстарға жұмсалады.

«АҢСАР» АҚПАРАТТЫҚ-ТАЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ.



"Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" ММ
"АҢСАР" АҚПАРАТТЫҚ ТАЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ" КММ

Ақтөбе облысының дін істері басқармасы мемлекеттік мекемесінің Аңсар ақпараттық - талдау орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі Ақтөбе облысы әкімінің қаулысымен 2014 жылы құрылды. Заңды тұлға мәртебесі бар ұйымдастырушылық - құқықтық, нысанында құрылған коммерциялық емес мекеме болып табылады. Мекеме өңірлік деңгейде діни үдерістерді зерделеу бағытында қызмет атқарады.

«АҢСАР» АТО 3 бөлім жұмыс атқарады

Әкімшілік бөлімі.

Бөлімнің негізгі қызметі мекеменің кадрлық және заң жұмыстарын камтамасыз ету болып табылады

Талдау және мониторинг бөлімі.

Бөлімнің негізгі міндеті - Ақтөбе облысындағы діни ахуалға талдау және мониторинг жасау.

Ақпараттық түсіндіру және оңалту жұмысы жөніндегі бөлімі.

Бөлімнің негізгі міндетті - Ақтөбе облысы тұрғындары арасында ақпараттық түсіндіру және оңалту бағытында шаралар өткізу.

«Аңсар» ақпараттық-талдау орталығының 2018 ж. арналған бюджеті. 269 005 000 бағдарламасы бойынша шығындар «Аңсар» МҚК қызметкерлерін ұстауға және де діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жүргізілетін шаралар шығындары қамтылады.

Кесте 2.


№	Атауы	Сомасы, млн тг
1	269 005 000 бағдарламасы бойынша жалпы шығындар	44270,0
2	111 специфика «Еңбекақы төлеу» (22 адамдық штатты ұстау үшін)	18990,0
3	113 специфика «Өтемақылар» (сауықтыру төлемдері)	1555,0
4	121 специфика «Әлеуметтік салық»	999,0
5	122 специфика «МӘСҚ әлеуметтік төлемдер»-	833,0
6	123 специфика «Міндетті сақтандыру төлемдері» (2 автокөлік үшін)	31,0
7	124 специфика «МӘМСҚ төлемдер»-	285,0
8	144 специфика «2 дана автокөлік үшін отын, жанар жағар май материалдарын алу»	639,0
9	149 специфика «Өзге де қосалқы құралдарды алу»	971,0
10	152 специфика «Байланыс қызметіне төлем жасау»	664,0
11	154 специфика «Үй жайларды жалға алу ақысы» (290 шм. алаң үшін)	5340
	159 специфика «Өзге де қызметтер мен жұмыстар»	10428,0
	Оның ішінде: АТТ мүшелері мен терроризмге қарсы комиссия мүшелеріне мен имамдарға арналған семинар	1800,0
	Мешіт жамағаты (келушілер) арасында семинар	1900,0
	Әлеуметтік зерттеу	600,0
	Үлестіріп, таратып беру үшін діни сипаттағы әдебиеттерді әзірлеу және алу	4000,0
	Ақпараттық материалдар (буклет, брошура) әзірлеу	1000,0
12	161 специфика бойынша «мемлекет ішіндегі іссапарлар мен қызметтік жүріс тұрыстар»	3535

Жоғары берілген ақпараттарды саралай келе, келесідей тұжырымдарға келуге болады:

Басқарма жанынан діни экстремизм мен терроризмнің алдын алумен айналысатын

«Аңсар» ақпараттық талдау орталығының жұмысына 2018 жылға жасайды. 269 005 000 бағдарламасы бойынша шығындар «Аңсар» МҚК қызметкерлерін ұстауға және де діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жүргізілетін шараларға 44 миллион 270 мың теңге қарастырылған.

Диаграмма 4. "АҢСАР" АТО 2018ж. бюджеті 44,2 млн тг



Жоғарыдағы ұсынылған кестеге қарасақ, «АҢСАР» АТО ның 2018ж арналған бюджетінің 76 пайызы әкімшілік шығындарға, яғни: жалақы, салық төлемдері, орталықтың қызметін ұйымдастыру, үй-жайларды жалдауға кететін болса, тек ғана 24 пайызы (10 миллион 428 мың тг) ғана тікелей шығындарға, яғни осы бағыттағы мемлекеттік функцияны атқаруға бағытталады.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ АУМАҒЫНДА ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДА АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗДІЛІГІ

ҚР діни экстремизм мен терроризмнің алдын алудағы профилактикалық шаралар тізгіні «ҚР 2018-2022 жылдарға арналған діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» үкіметтік бағдарламасында ашып көрсетілген. Бағдарлама әзірлеушілері аталмыш бағдарламаның шетелдік озық тәжірибелеріне сүйеніп жасақталғанын алға тартады. Бағдарламаның «қоғамда радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру» атты бөлімінде 80 іс-шара жиыны көрсетілген. Оның 35-і құпиялық санатына енгізілген.

Сонымен бірге, 2018 жылдың екінші тоқсанындағы есебін талқылап (Қосымшада), оның ішіндегі кейбір іс-шаралар легіне тоқталып өтсек:

Іс шара атауы (Ақтөбе облысы бойынша Дін істері жөніндегі басқармасынан) а.ж. 4-ші мамырында «Ақтөбе медресе» колледжінің 10 жылдық мерейтойы атап өтілді. 2008 жылы іргесі қаланған білім ордасының тарихындағы атаулы датаны айрықша атап өту мақсатында мәдени-көпшілік және спорттық шаралар ұйымдастырылып, «Өнер қырандары» театры әртістерінің қатысуымен концерттік бағдарлама өткізілді.

Жеңіс күнінің қарсаңында 100-ге жуық қарияға «Еуразия» мейрамханасында ас беріліп, сый-сияпаттар ұсынылды.

Осындай шара 100 балаға 1-ші маусым «Балаларды қорғау күніне» орай ұйымдастырылды.

Рамазан айында мұқтажды азаматтарға 1,6 тоннадан астам азық-түлік үлестірілді. Ақтөбе қаласы мен аудан мешіттерінде жамағаттарға ауызашарлар берілді. Аталған айда Ақтөбе қаласының мешіттерінде жалпы саны 500 рет ауызашар дастарханы жайылып, оған 12 мыңнан аса адам қатысты.

«Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» күніне орай дұғалар оқылды.

Дүкендерде тегін азық-түліктер таратылып, облыс әкімі мен бас мүфтидің атынан ауызашарлар берілді.

Есептік кезеңде облыста діни экстремизм көріністерінің алдын алу, қоғамдағы татулықты, бірлікті нығайту, азаматтардың діни сауатын жетілдіру, мемлекеттің дінге қатысты саясатын халыққа түсіндіру мақсатында облыстық ақпараттық-түсіндіру топтарының қатысуларымен әртүрлі форматтағы жалпы саны 1678 іс-шара өткізіліп, 47 мыңнан астам адам қамтылды.


Жоспарға сәйкес, жұмысшы топпен облыстың 5 ауданының, яғни Алға, Байғанин, Мұғалжар, Темір және Шалқар аудандарының 31 елді мекенінде тұрғылықты халық арасында жалпы саны 411 іс-шара ұйымдастырылып, осы өңірлердің тұрғындарының 11%, яғни 22563 адам қамтылды.

Сонымен қатар, республикалық деңгейдегі теологтар мен облыстық АТТ мамандарының қатысуларымен жергілікті жамағат арасында зайырлы қоғам құруға және отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында 857 адамды қамтыған 24 семинар ұйымдастырылды.

Дін істері жөніндегі басқарма есебіне сүйенсек, оның ішінде көрсетілген кейбір іс-шаралардың негізділігі мен оның аталмыш басқармаға қатыстылығы турасынан қарағанда, сәйкессіздіктер кездеседі. Мәселен: театр әртістерін шақыртумен концерт ұйымдастыру, қарияларға ас беру, бүлдіршіндерге ас беру, тегін азық-түлік тарату т.с.с. айта кетуге болады.

Ақтөбе облыстық дін істері жөніндегі басқарма есебіне сүйенсек, **«есептік кезеңде облыста діни экстремизм көріністерінің алдын алу, қоғамдағы татулықты, бірлікті нығайту, азаматтардың діни сауатын жетілдіру, мемлекеттің дінге қатысты саясатын халыққа түсіндіру мақсатында облыстық ақпараттық-түсіндіру топтарының қатысуларымен әртүрлі форматтағы жалпы саны 1678 іс-шара өткізіліп, 47 мыңнан астам адам қамтылды»**.

Жоспарға сәйкес, жұмысшы топ облыстың 5 ауданының, яғни Алға, Байғанин, Мұғалжар, Темір және Шалқар аудандарының 31 елді мекенінде тұрғылықты халық арасында жалпы саны 411 іс-шара ұйымдастырып, осы өңірлер тұрғындарының 11%, яғни 22563 адам қамтылды» - деп көрсетілген.



Жоғарыда көрсетілген скрин суреттерге назар аударсақ, барлық суреттерде шаралардың өткізілгендігі туралы ақпараттар, ал алдын ала ақпараттандыру мәселесі аталмыш әлеуметтік желілерде жоқтың қасы. Яғни, ақпараттық насихат топтарының өткізетін кездесулері алдын ала жариялану фактілері бірен-саран.

ҚОРЫТЫНДЫ. ҰСЫНЫСТАР.

Аналитикалық жазба соңында келесідей қорытындыларға келуге болады:

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу профилактикалық шаралар легінің Үкіметтік деңгейде, Ақтөбе облысы аумағында да дәйектілік принципі, негізділігі жөнінде ақпараттар БАҚ-та, ашық мәліметтер легінде көрсетілмегендіктен, бұл бағыттағы іс-шаралардың кейбірінің негізділігі күмән тудырады.

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу аясындағы профилактикалық шаралар негізі Үкіметтік деңгейде, республикалық бағдарлама әзірленгенімен, аймақтық кешенді негізделген бағдарлама жасақталмаған, бұл бағыттағы қызмет аймақ деңгейінде бірқатар іс-шаралар өткізумен шектеледі. Діни экстремизм мен терроризмнің профилактикалық жағынан алдын алу бағытындағы жоспарланған іс-шаралар туралы ақпараттар, оның ішінде қауыммен, жұртшылықпен кездесулері жауапты мемле-

кеттік органдардың әлеуметтік желілерінде жоқтың қасы. Солайша, кездесулерге, іс-шараларға қатысатын азаматтардың негізділігі немесе мақсатты топты қамту мәселелері күман тудырады.

Жоғары көрсетілген деректерге қарағанда, аудандарда, шалғай елдімекендерде өткізілетін шараларға жергілікті атқарушы органдардың ұжымдық шақыртуы бойынша келген азаматтар қатысады деген қорытындыға келуге болады.

«Аңсар» АТО-ның ағымдағы жылғы бюджетін саралауда, коммуналдық мекеме бюджетінің 24% ғана дін саласындағы мемлекеттік функцияны жүзеге асыруға бағытталады.

Ұсыныстар:

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуда профилактикалық шараларының негізі әр облыста өзіндік бағдарламаларын жасақтау мен бекіту тәжірибесін ҚР Дін істері министрлігі бекітуі тиіс. Мақсатты топтарды жасақтап, жүйелеу арқылы, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша профилактикалық шараларын ұйымдастыруда ЖАО мақсатты топтардың қатысуын қамтамасыз ету.

Діни экстремизм мен терроризмнің профилактикалық шараларына төңірегінде ҚР Ақтөбе облысы бойынша Дін істері басқармасына қарасты «Аңсар» АТО-ның әкімшілік шығындарын азайту есебінен негізгі іс-әрекетке бөлінетін қаржы көлемін ұлғайту.

СҰРАНЫСТАР МЕН ЖАУАПТАР.

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы бойынша
Дін істері басқармасының басшысы Ж.Н.Қалмағанбетовке

Кімнен: Камалов Мирамбек Аманжолұлынан
ЖСН:820 807 300 632, e-mail: mirambek.kamalov@gmail.com
+77017328556(ұялы тел.)

Құрметті Жолдас Нұрланұлы!

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашада қолданысқа енген «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңының 11 бабына сәйкес, келесі мәліметтерді беруіңізді сұраймын:

Өзіңізге белгілі, ҚР Үкіметінің ҚАУЛЫСЫМЕН, 2018 ж. 15 наурызында «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (әрі қарай бағдарлама) бекітілген болатын.

Аталмыш бағдарламаның басты бағыттарының бірі ретінде «қоғамда радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру» қарастырылған болатын.

Соған байланысты, Сізден, төмендегі үлгі бойынша (№1), «қоғамда радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру» бағыты бойынша Ақтөбе облысы аумағында атқарылар іс шаралар туралы және қаржы көлемдері бойынша толыққанды ақпарат беруіңізді сұраймын.

№1 үлгі.

№	Іс шара атауы (нақты атауы толық көрсетуіңізді сұраймыз, сандық және сапалық тұрғыда)	Бөлінген қаржы көлемі	Қаржыландыру көзі	Жүзеге асыру мерзімі	Орындаушы, жауапты

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 11 бабы 12 тармағына сәйкес, мәліметті электронды формада беруіңізді сұраймын.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 10 бабында көрсетілген мерзімге сәйкес, сұратылған ақпаратты төмендегі электронды поштаға жолдауыңызды сұраймын: mirambek.kamalov@gmail.com

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 20 бабында лауазымды тұлғаның (ақпарат иесі) жауапкершілігі белгіленген, яғни осы заңнаманы бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғатынын есіңізге саламыз. Ақпаратқа қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу, соттан тыс және сот тәртібімен шағым жасауға әкелуі мүмкін.

Ақпарат беруден бас тартқан жағдайда, сіздің әрекетіңізге шағым түсіру барысында қажет болатын жазбаша түрде дәлелді жауап беруіңізді сұраймын.

Құрметпен,
Мирамбек Камалов, 2 мамыр 2018ж.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
ДІН ІСТЕРІ
БАСҚАРМАСЫ» ММ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ПО ДЕЛАМ
РЕЛИГИЙ АКТЮБИНСКОЙ
ОБЛАСТИ»030000, Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғылы, 40
тел.: 8 (7132) 55-23-43030000, с. Ақтөбе, пр. Абилқайыр хан, 40
тел.: 8 (7132) 55-23-4316.05.2018 № 61.01.09/38P**Азамат М. Камаловқа***e-mail адрес:*
mirambek.kamalov@gmail.com

Ақтөбе облысының дін істері басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) Сіздің «Қазақстан Республикасында дін экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (бұдан әрі – Бағдарлама) аясында атқарылатын іс-шаралар жөнінде ақпарат беру туралы өтінішіңізді қарап, қосымшада көрсетілген кестеге сәйкес мәліметті жолдайды.

Кестеде қоғамда радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған дін экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру бағыты бойынша Басқарманың құзыретіне кіретін іс-шаралар туралы ақпарат көрсетілгендігін ескертеміз.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес, Сіз, қабылданған шешімдермен келіспеген жағдайда, оларды жоғары тұрған органдарға шағымдануға құқығыңыз бар екендігін қаперіңізге саламыз.

*Қосымша: кесте, 1 параға***Басқарма басшысының м.а.**
С. Мұқанов*Орындаған: М. Камалов
Телефон: 55-23-43*

000250

«Қазақстан Республикасында дінн экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама» туралы ақпарат

№	Іс-шара атауы	Бөлінген қаржы көлемі	Қаржыландыру көзі	Жүзеге асыру мерзімі	Орындаушы, жауапты
1	Ақпараттық-түсіндіру тобымен облыс көлемінде іс-шаралар ұйымдастыру	15 млн	жергілікті бюджет	2018 ж.	Ж.Қалмағанбетов
2	Дінтанушы және теолог мамандарын тарта отырып, ағарту-оңалту жұмыстарын жүргізу	10 млн	жергілікті бюджет	2018 ж.	Ж.Қалмағанбетов

Ескерту: кестеде облыстық дін істері басқармасы атқаратын шараларға бөлінген қаражат көрсетілген

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы бойынша
Ішкі саясат басқармасының басшысы Б.О.Елеусіноваға

Кімнен: Камалов Мирамбек Аманжолұлынан
ЖСН:820 807 300 632, e-mail: mirambek.kamalov@gmail.com
+77017328556(ұялы тел.)

Құрметті Бұлбұл Ораққызы!

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашада қолданысқа енген «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңының 11 бабына сәйкес, келесі мәліметтерді беруіңізді сұраймын:

Өзіңізге белгілі, ҚР Үкіметінің ҚАУЛЫСЫМЕН, 2018 ж. 15 наурызында «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (әрі қарай бағдарлама) бекітілген болатын.

Аталмыш бағдарламаның басты бағыттарының бірі ретінде «қоғамда радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру» қарастырылған болатын.

Соған байланысты, Сізден, төмендегі үлгі бойынша (№1), «қоғамда радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру» бағыты бойынша Ақтөбе облысы аумағында атқарылар немесе сіз басқарып отырған басқарма төңірегіндегі іс шаралар туралы және қаржы көлемдері бойынша толыққанды ақпарат беруіңізді сұраймын.

№1 үлгі.

Іс шара атауы (нақты атауы толық көрсетуіңізді сұраймыз, сандық және сапалық тұрғыда)	Бөлінген қаржы көлемі (оның ішінде 2018жылға)	Қаржыландыру көзі	Жүзеге асыру мерзімі	Орындаушы, жауапты
--	--	--------------------------	-----------------------------	---------------------------

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 11 бабы 12 тармағына сәйкес, мәліметті электронды формада беруіңізді сұраймын.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 10 бабында көрсетілген мерзімге сәйкес, сұратылған ақпаратты төмендегі электронды поштаға жолдауыңызды сұраймын:

mirambek.kamalov@gmail.com

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 20 бабында лауазымды тұлғаның (ақпарат иесі) жауапкершілігі белгіленген, яғни осы заңнаманы бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғатынын есіңізге саламыз. Ақпаратқа қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу, соттан тыс және сот тәртібімен шағым жасауға әкелуі мүмкін.

Ақпарат беруден бас тартқан жағдайда, сіздің әрекетіңізге шағым түсіру барысында қажет болатын жазбаша түрде дәлелді жауап беруіңізді сұраймын.

**Құрметпен,
Мирамбек Камалов, 24 мамыр 2018ж.**

АКТОБЕ ОБЛЫСЫНЫЦ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ



ОЮМДІПАКИМАТ

ІШКІ САЯСАТ УПРАШЕНИЕ
БАСКАРМАСЫ ВНУТРЕННЕЙ

ПОЛИТИКИ

030010. Ақтобе қаласы,
Облқайыр хан даңлы, 40. 306 бөлме
тел: 8 [7132/ 56-26-69. факс: 8 [7132/56-25-26

030010, г. Ақтобе
пр. Абылқайыр хана, 40. каб. 306
тел: 8,7132' 56-26-69, факс: 8 ,7132'56-25-26

21.06.2018 ФЛКООО26/О

АКТОБЕ КАЛАСЫНЫҢ ТУРГЫНЫ М. КАМАЛОВКА

Сіздің ішкі саясат басқармасының басшысы атына жазған хатыңызға сайкес темендетілген хабарлаймыз.

Басқарма тарапынан қазір тағы да діни экстремизм мен терроризмге алдын алу бойынша бірқатар ақпараттық жұмыстар жүргізілуде.

Ағымдағы жылдың науф-мамыр айларында жүзеге асырылған «Халық қауір-қиуірін қамтамасыз ету» жобасы аясындағы 21-ін маселелер туралы Түсініліру тобының, ҚУКЫК қорғау органдарының жұмыстары облыстық буқаралық ақпарат қуралдарында, әлеуметтік жеңйлерде кеңнен насихатталды.

Облыстық «Ақтобе» телеарнасының әрфнен, облыстық және аудандық мемлекеттік органдардың, әкімдіктерінің «Фейсбук», «Инстаграмм», «Вконтакте» әлеуметтік таракшаларында да «Жалған хабарлаудың заң алдындағы жауапкершілігі», «Лжетерроризм», «Тексерілмеген ақпаратқа сенбе», «Қырағы бол», «Экстремизм-терроризм» және т.б. бейнероликтер көрсетіліп, таратылды.

Облыстық «Ақтобе» телеарнасының әрфнен а.ж. науір айында «Есір-імілі қакқан кімі?» қойылымы ұсынылды.

Аталмыш қойылым облыстық телеарна әрфнен керермендер назарына жыл сайын көрсетіліп келе жатыр.

Сондай-ақ облыстық ішкі сәт басқармасы тарапынан жатқан ақпараттық жұмыстар ралы мәйметі қосымшаға сайкес жолдаймыз.

Берілген жауаппен кейіспеген жағдайда ҚР «Жеке және заңды тулғалардың отінілітерінің қарау тарта туралы» Заңының 14-бабы, 6-тармақшасына сайкес СіЗінің жоғары турған органдарға немесе сотқа жүйенуге қуқыңыз бар.

Қосымша 2 бетте жалғанады.

Басқарма басшысының орынбасары Е. Тауанов

Орындаған: А. Елбосынов

Тел.: 8 (7132) 56-70-47



№	Тс-шара атауы (нак-гы атауы, толық корсету ЦЙЖ сураймыз, сандык және сапалык па	Бойленген каржы колемі (онын ??? 2018 жылға)	Каржы- ландыру козі	Жузеге асыру мерзімі	Орындау шы, жауап- ты
1	ІІІН саласындагы туракгыльщ-гы камтамасыз ету, ;йни нанымнын бостандыгы мен конфессияара- лык кеJісіМJі камтамасыз ету женйтдей мемлеке•гйк саясатгы акпаратгык суйемелдеу Облыстык «Актобе» газе•й	3 000 000 тенге	Ішкі саят баскармасы Мемлекеттік акпараттык тапсырыс негізінде	2018	ішкі саят баскармасы
2	Информационное сопровождение государственной политики в сфере обеспечения стабильности религи- озной сфере, свободы вероиспове- дания, профилактика религиозного экстремизма и терроризма, укрепле- ние межконфессионального и меж- этнического согласия. Облыстык «Актюбинский вестник» газе-й	3 000 000 тенге	Ішкі саят баскармасы Мемлекеттік акпараттык тапсырыс негізінде	2018	ішкі саят баскармасы
3	2018 жылы рухани, конфессияя- ралык кеJісіМJі нығайту маселелфн, дастурлерін нейздфн ТусіНJіру бойынша ОНірJіік телевидение аркылы мемлекеттік және/немесе орыс тіліне корсету. Рика ТВ» телеар- насы «Каусар», «В начале было слово» бағдарламасы	3 000 000 тенге	баскармасы Мемлекеттік акпараттык тапсырыс негізінде	2018	ішкі саят баскармасы
4	Дн саласындагы турактылыкты камтамасыз ету, 21іН нейздфн ТусіНJіру Облыстык «Актобе» телеарнасы «Иман нуры» бағдарламасы	3 000 000 тенге	баскармасы Мемлекеттік акпараттык тапсырыс негізінде	2018	ішкі саят баскармасы

**Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы бойынша
Дін істері басқармасының басшысы Ж.Н.Қалмағанбетовке**

Кімнен: Камалов Мирамбек Аманжолұлынан
ЖСН:820 807 300 632, e-mail: mirambek.kamalov@gmail.com
+77017328556(ұялы тел.)

Құрметті Жолдас Нұрланұлы!

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашада қолданысқа енген «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңының 11 бабына сәйкес, келесі мәліметтерді беруіңізді сұраймын:

Өзіңіздің әуелгі берген жауаптарыңызға, сұқбат барысында барысында берілген жауаптарға, сонымен бірге, дін істері басқармасы мен оның қарамағындағы тиісті мекемелердің әлеуметтік желілердегі ақпараттарын саралау кезінде «қоғамда радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған шаралар» турасында азды көпті ақпараттар көзге ілінген болатын. Соған орай, Сізден келесі сұраққа жауап беруіңізді сұраймын:

1. Профилактикалық шараларға қатысатын, яғни, аталмыш шараларға қатыстырылатын, шақырылатын мақсатты топтар қандай негізде анықталады?
2. Қоғамда радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған шаралардың Ақтөбе облысындағы шаралар тізімі, олардың негізділігі, дәйектілігі қандай жолмен анықталатынын негіздеп беруіңізді сұраймын.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 11 бабы 12 тармағына сәйкес, мәліметті электронды формада беруіңізді сұраймын.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 10 бабында көрсетілген мерзімге сәйкес, сұратылған ақпаратты төмендегі электронды поштаға жолдауыңызды сұраймын:

mirambek.kamalov@gmail.com

Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 20 бабында лауазымды тұлғаның (ақпарат иесі) жауапкершілігі белгіленген, яғни осы заңнаманы бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғатынын есіңізге саламыз. Ақпаратқа қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу, соттан тыс және сот тәртібімен шағым жасауға әкелуі мүмкін.

Ақпарат беруден бас тартқан жағдайда, сіздің әрекетіңізге шағым түсіру барысында қажет болатын жазбаша түрде дәлелді жауап беруіңізді сұраймын.

**Құрметпен,
Мирамбек Камалов, 20 шілде 2018ж.**



030000, Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғылы, 40
тел.: 8 (7132) 55-23-43

030000, г. Ақтөбе, пр. Абилқайыр хана, 40
тел.: 8 (7132) 55-23-43

01.09.2018 № 01-01-09/594

Азамат М. Камаловқа

e-mail адрес:
mirambek.kamalov@gmail.com

Ақтөбе облысының дін істері басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) Сіздің қоғамда радикалды идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдык көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған шаралардың іске асырылуы туралы ақпарат беру жөніндегі өтінішіңіз бойынша келесіні хабарлайды.

1. Профилактикалық шараларға қатысатын мақсатты топ өкілдерімен жоғары білімді теолог мамандар мен имамдарды көзқарасын анықтау мақсатында жұмыс жүргізеді. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде белгілі бір азаматтың діни көзқарасы мен дін саласында жүргізіліп отырған мемлекет саясат туралы пікірі анықталады.

Осы мақсатта Басқарма жанында «Аңсар» ақпараттық талдау орталығы» КММ-сі мен діни ахуалы өзектілік туғызып отырған 5 ауданда (Алга, Хромтау, Шалқар, Мұғалжар және Темір) «Аңсар» орталығы типтес мекемелер жұмыс жүргізуде.

Сондай-ақ, аталған мекемелерге «Аңсар» орталығының тәжірибесі негізінде психолог мамандарды тарту мәселесі де қарастырылуда. Мұндағы мақсат мақсатты топ өкілдерінің діни көзқарасымен бірге психологиялық портретін жасақтау болып отыр.

Сонымен бірге, профилактикалық шараларды кең ауқымда жүргізу үшін тұрғындармен, оның ішінде жастармен, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесулер өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырады.

2. Қоғамда радикалды идеологияларға төзбеушілікті қалыптастыру үшін теологтардан, ҚМДБ мен зиялы қауым өкілдерінен және мемлекеттік қызметкерлерден тұратын ақпараттық түсініру топтары тарапынан тұрғындармен, осы сала бойынша қызмет атқаратын қызметкерлер мен мектеп мұғалімдеріне мастер-класстар мен семинарлар және жастар арасында тренингтер ұйымдастырылып тұрады.

000326

Сонымен бірге, қоғамда экстремистік идеяларға мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында «Үлкен сұрақ», «Ойраны шыққан отбасы», «Есігімді қаққан кім?» спектакльдері, «Қара жол» көркем фильмі және тақырыптық бейнероликтер жарық көріп, халық арасында көрсетілімдері өткізілді.

Заман талабына сай жұмыс жүргізу мақсатында әлеуметтік желілерде парақшалар ашылып, кеңінен ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Облысымыздағы діни бірлестіктермен тығыз қарым-қатынас орната отырып жұмыс жүргізу мақсатында облыс әкімдігі жанынан дін бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңес пен Басқарма жанынан жергілікті діни бірлестік жетекшілерінен тұратын Клуб жұмыс жүргізуде.

Бүгінде, Басқарма өңірдегі діни ахуалды бақылауға алып, оған тұрақты түрде мониторинг жүргізіп отыр.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы *«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарату тәртібі туралы»* Заңына сәйкес қабылданған шешімдермен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органдарға шағымдануға құқығыңыз бар екендігін қаперіңізге саламыз.

Басқарма басшысы



Ж.Қалмағанбетов

Орындаған: А.Хасен, М.Камитов
Телефон: 55-23-43

**Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы бойынша
Білім басқармасының басшысы Л.А.Оразбаевға**

Кімнен: Камалов Мирамбек Аманжолұлынан
ЖСН:820 807 300 632, e-mail: mirambek.kamalov@gmail.com
+77017328556(ұялы тел.)

С У Р А Н Ы С
Құрметті Ләззат Аманжолқызы!

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашада қолданысқа енген «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңының 11 бабына сәйкес, келесі мәліметтерді беруіңізді сұраймын:

Өзіңізге белгілі, ҚР Үкіметінің ҚАУЛЫСЫМЕН, 2018 ж. 15 наурызында «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (әрі қарай бағдарлама) бекітілген болатын.

Аталмыш бағдарламаның басты бағыттарының бірі ретінде «қоғамда радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру» қарастырылған болатын.

Соған байланысты, Сізден, төмендегі үлгі бойынша (№1), «қоғамда радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру» бағыты бойынша Ақтөбе облысы аумағында атқарылар немесе сіз басқарып отырған басқарма төңірегіндегі іс шаралар туралы және қаржы көлемдері бойынша толыққанды ақпарат беруіңізді сұраймын.

Іс шара атауы (нақты атауы толық көрсетуіңізді сұраймыз, сандық және сапалық тұрғыда)	Бөлінген қаржы көлемі (оның ішінде 2018жылға)	Қаржыландыру көзі	Жүзеге асыру мерзімі	Орындаушы, жауапты
--	--	--------------------------	-----------------------------	---------------------------

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 11 бабы 12 тармағына сәйкес, мәліметті электронды формада беруіңізді сұраймын.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 10 бабында көрсетілген мерзімге сәйкес, сұратылған ақпаратты төмендегі электронды поштаға жолдауыңызды сұраймын:

mirambek.kamalov@gmail.com

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 20 бабында лауазымды тұлғаның (ақпарат иесі) жауапкершілігі белгіленген, яғни осы заңнаманы бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғатынын есіңізге саламыз. Ақпаратқа қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу, соттан тыс және сот тәртібімен шағым жасауға әкелуі мүмкін.

Ақпарат беруден бас тартқан жағдайда, сіздің әрекетіңізге шағым түсіру барысында қажет болатын жазбаша түрде дәлелді жауап беруіңізді сұраймын.

**Құрметпен,
Мирамбек Камалов, 03 маусым, 2018ж.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

030010, Ақтөбе қаласы, Өбілқайырхан даңғылы, 40
тел : (7132) 54-16-67 факс: 55-06-52

2019 жылғы «16» 06

№ 2-3490

Ақтөбе облысының дін істері
басқармасының басшысы
Ж. Қалмағанбетовке

Ақтөбе қаласы
Қарғалы тұрғын массиві
11 В үй, 41 пәтер тұрғыны
М. Камаловқа

Ақтөбе облысының білім басқармасы Сізге Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 7 бабы, 6 тармағына сәйкес Ақтөбе қаласының тұрғыны М. А. Камаловтың (ФЛК 00130/0, 04.06.2018 ж.) Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының «қоғамда радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру» бағыты бойынша Ақтөбе облысы аумағында атқарылатын іс-шаралар мен оларды жүзеге асыруға қажетті қаржы көлемдері туралы өтінішін жауап беру үшін жолдайды.

Екінші мекенжайға мәлімет үшін жолданады.


Қосымша: бірінші мекенжайға - 1бетте.

Басқарма басшысы

Л. Уразбаева

Орындаған: Г. Бакиева
Тел: 564218

5.05.2019 К.А.К.



Облыстық білім
басқармасының басшысы
Л. Уразбаеваға

Азамат М. Камаловқа
(мәлімет үшін)

e-mail адресі:
[mirambek.kamalov@gmail.com](mailto:mirambeck.kamalov@gmail.com)

Сіздің 2018 жылғы 6 маусымдағы №2-3790 хатыңызға

Облыстық дін істері басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) азамат М. Камаловтың «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (бұдан әрі – Бағдарлама) аясында атқарылатын іс-шаралар жөнінде ақпарат беру туралы өтініші бойынша келесіні хабарлайды.

Арыз несі өз арызында облыстық білім басқармасы орындауға жауапты Бағдарламаның 5, 6, 7, 11, 15, 16 және 18 тармақтары бойынша ақпарат беруді сұрап отыр.

Сондай-ақ, Басқарма жауапты тармақтар бойынша 2018 жылғы 16 мамырдағы №01-01-09/398 хатқа сәйкес тиісті жауаптың берілгендігін мәлімдейді. Аталған хаттың қосымшасында ақпараттық-түсіндіру тобымен облыс көлемінде іс-шаралар ұйымдастыру және дінтанушы, теолог мамандарды тарта отырып оналту жұмыстарын жүргізу тармақтарын орындауға жұмсалатын қаражат көлемі көрсетілді.

Осыған орай, Басқарма Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 7 бабы, 6 тармағына сәйкес аталған азаматтың сұранысын қанағаттандыру үшін арызды Сізге қайта жолдайды.

Қосымша: 1 парақта

Басқарма басшысы

Ж. Қалмағанбетов

Орындаған: М. Камалов А. Хасен
Телефон: 55-23-43

